


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы,
«Алашорда» автономиялық үкіметінің төрағасы
Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығына арналған
«ЕУРАЗИЯНЫҢ ТҮРКІ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ САЯСИ
КӨШБАСШЫЛАРЫ: ТҮЛҒАЛАР, ИДЕЯЛАР, ТАҒДЫРЛАР.
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ»
атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ
30 қыркүйек 2016 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции на тему
«ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЛИДЕРЫ ТЮРКСКИХ И МУСУЛЬМАНСКИХ НАРОДОВ
ЕВРАЗИИ: СУДЬБЫ, ИДЕИ, ЛИЧНОСТИ. НАЧАЛО XX ВЕКА»,
посвященной 150-летию видного общественного и государственного деятеля,
лидера движения «Алаш», председателя правительства автономии «Алашорда»
Алихана Бөкейханова
30 сентября 2016 года

Алматы 2016

| | |
|---|-----|
| Халидуллин Г., Найманбаев Б.Р. Взгляды А.Букейханова на участие казахов в деятельности Думы и Учредительного собрания..... | 115 |
| Урашев С.А. Алихан Букейханов об организации аульных школ в Казахстане..... | 119 |
| Кудайбергенова Ж.А. История присоединения Казахстана к Российской империи в исследованиях А. Букейхана..... | 122 |
| Далаева Т.Т. Алихан Букейханов о выборах казахских волостных управителей в начале XX века..... | 125 |
| Нұрман Ш.Т. Әлихан Бөкейханов қазақ кәсіпшілігі жөнінде..... | 129 |
| Сүлейменова Д.Д. Батыс Алашорда қайраткері – Күсепқалиев Дәулетшах..... | 132 |
| Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж. Алаш зиялылары: ұлттық тәуелсіздік идеясының қалыптасуының кейбір мәселелері..... | 136 |
| Төлекова М.К. Ораз Жандосовтың Қазақстанда халық ағарту ісі мен мәдениетті өркендетудегі қызметі..... | 140 |
| Сутеева Х.А. Стратегия и тактика деятелей Туркестанской администрации России – К.П.Кауфмана И Г.А. Колпаковского по отношению к событиям в Западном Китае в 60-80 гг. XIX века..... | 145 |
| Ілиясова К.М. Әлихан Бөкейхан бастаған ұлттық интеллигенция және 1916 жылғы оқиғалар..... | 149 |
| Қоңыратбаев О.М. Қазақтың тарлан ұлдары – Әлихан мен Тұрар (Қысылтаян заманда бір-біріне тірек болған тұлғалар)..... | 154 |
| Отарбаева Г.К. Ұлт зиялылары және Түркістан-өлкесіндегі ұлттық қозғалыс..... | 158 |
| Тулбасиева С.Қ. XX ғасырдың I жартысындағы қазақ зиялыларының жер мәселесі туралы көзқарастары мен ұстанымдары..... | 160 |
| Оспанова Р.Р., Бекбаева Т.А. Халел Досмұхамедұлы және Алаш қозғалысы..... | 166 |
| Тәнекеев С.Н., Джолдыбаева У.М. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және ұлт зиялылары..... | 169 |
| Жалмагамбетов Е.А. Қызылорда қаласының астаналық кезеңіндегі қазақ зиялыларының қызметі..... | 172 |
| Ашербекова А.М. Жана зайырлық жәдидшілдік бағыттағы ағартушысы – Ахмет Жанталин..... | 176 |

II-СЕКЦИЯ

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ БҮГІНГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЛИХАН БУКЕЙХАНОВ И СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

| | |
|---|-----|
| Омарбеков Т.О. Әлихантануды негіздеуші..... | 180 |
| Мұқаметханұлы Н. Ғылымға тыңнан түрен салған ғалым..... | 183 |
| Кәрібаев Б.Б. Ұстаз, ғалым, қайраткер (Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиевтің 70 жылдығына орай)..... | 187 |
| Тілеубаев Ш.Б. Ұстанымы биік ұстаз-ғалым (Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлының ғылыми ұстанымы мен көзқарастары жөнінде)..... | 191 |
| Қали Сәрсенбай Храпуновтың қалпағын қайырып жіберген ғалым..... | 199 |
| Мырзатаева З.Б. Ащысай кеншілерінің XIX ғасырдағы тарихынан..... | 203 |
| Белоус С.Г. О Сибирском друге Алихана Букейханова..... | 207 |

II-СЕКЦИЯ

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ БҮГІНГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АЛИХАН БУКЕЙХАНОВ И СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

ӘЛИХАНТАНУДЫ НЕГІЗДЕУШІ

Омарбеков Талас Омарбекұлы – *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерттеудің республикалық орталығының директоры, профессор, ҚР ҰҒА-ның Құрметті мүшесі*

Бүгінгі қазақ тарихы – тәуелсіздіктің тікелей туындысы. Егемендіктің 25 жылдығы қазақ елінің тәуелсіз тарихының азамат болып есеіні де қамтамасыз етті. Көптеген күмәнді тұстары - «ақтаңдақтар» деп аталатын әлі де тереңдете зерттей түсуді қажет ететін қайшылықты мәселелері мол бола тұрса да, ұлттық тарих, бүгінде еңсе көтеріп, аяғынан тұрды деп айта аламыз. Елбасымыз да осы бағытта бірқатар шараларды жүйелі түрде жүзеге асырды. Солардың қатарында мысалы, ол кісінің өзінің «Тарих толқынында» деген еңбекті жарыққа шығаруы, 1997 жылды «Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы деп жариялауы, 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих» жылы деп атауы, 1999 жылды «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп ерекшеленуі, сондай-ақ 2004 жылдан басталған мемлекеттік бағдарлама - «Мәдени мұраның» кең насихатталып, онда жобаланған бірқатар қажетті шаралардың орындалуы, ақырында «Халық тарих толқынында» атты көлемді де ауқымды ғылыми бағдарламаның мемлекет тарапынан қаржыландырылуы және т.б. көптеген жұмыстар тәуелсіздікпен рухтанған тарихшылар қауымын да жігерлендіре түсті. Олардың арасында өзіндік еңбекқорлығымен, ғылыми теориялық дайындығымен, қазақ ұлттық элитасының ұстанған жолына адалдығымен профессор Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев ерекшеленіп тұр. Бұлай дейтініміз ол, тәуелсіздік туғызған тарихшы. Ал енді, тәуелсіздік рухы еліміздің отаншыл азаматтарын ғаламат биіктерге көтергені және белгілі. Мәкең қазақ тарихын жазуға үлкен дайындықпен келді. Ол қазақ тарихын терең біліп қоймай, сонымен бірге көрші бауырларымыз қырғыздардың Бішкек университетін оқып тауысқандықтан, ұлттық тарихты жазуда туыстас көрші халықтардың тарихи тағдырларын салыстыра қарастыруға, осы негізде соны да тың тұжырымдар жасауға, түркі халықтарының ортақ мүддесіне бейімделген тарихи шығармалар жазуға алып келді.

Мәмбет Құлжабайұлының ғылыми зерттеу жұмыстарын бірнеше кезеңдерге және бірнеше бағыттарға бөліп қарастыруға болады. Бірақ бұған шағын мақала көлемі мүмкіндік бере қоя ма? Шолумен ғана шектеле алармыз. Оның шығармашылық жұмысының бастауында бұрындары көп айтыла бермеген орта ғасырлардағы және жаңа замандағы қазақтың тарихи тұлғалары тұр. Олардың қатарында оның өзі шұқшия зерттеген Қадырғали Жалайыри, Төле би, Қазыбек би, атақты жыраулар – Нысанбай, Досқожа, Шортанбай, Махамбет акын және т.б. бар. Бұл халықтық шығармашылық өкілдерінің туындыларын терең зерттеу және олардың тарихи деректерін ресми құжаттық мұрағат мәліметтерімен салыстырмалы түрде үйлесімді пайдалану аталған тұлғалардың қызметіне және шығармаларына жаңа көзқарастардың туындауына алып келді. Сондықтанда, Мәкеңнің осы кісілерге байланысты зерттеулерінен ылғи да жаңа ұлттық сарын және елді елең еткізер тың тұжырымдар кездесіп отырады. Ғалым өз зерттеулерінде әрқашан ерлікке сүйсініп, оқырманын Кенесарының мемлекетшіл асқар биігіне жетелеумен келеді. Осындай тарихи ортаның рухымен рухтанған тарихшы тарихымыздағы жаңа кезең – Алаш қозғалысының ұлт зиялыларын шұқшия да терең зерттеуді қолға алды. Бұл өткен ғасырлардағы аға ұрпақ пен кейінгі толқын – еркіндікке ұмтылған інілердің рухани сабақтастығынан туындаған ғылыми зерттеу жолы еді. Мәкеңнің ғылыми шығармашылығының негізгі бөлігі осы тақырыпты қамтығандықтан бұл мәселе кейінгі тарихшылардың арнайы түрде ауқымды зерттеулерін қажет етеді деп ойлаймыз. Солай бола тұрса да Мәкеңнің ғылыми еңбектерін айтқанда бұл тақырыпқа қысқаша түрде болса да өз пікірімізді білдіргіміз келеді. Жалпы алаш зиялыларын зерттейтін тарих ғылымындағы Алаштану бағыты да тәуелсіздіктің төл перзенті. XX ғасырдың 30-жылдарында осы мәселені талқылау үшін дөңгелек жозыға жиналған ғалымдардың қуғындалғаны белгілі. Тәуелсіздік ғалымдардың бұл тақырып бойынша осындай келесі бас қосуына жол ашты. Алайда егемендіктің алғашқы жылдарында да аға буын тарихшылар Алашты ақтауға батпай, бірі оны буржуазиялық-либералдық, екіншілері буржуазиялық-демократиялық, үшіншілері ақтарға жұмыс жасап, Колчакқа «қазақ ақсақалы» деген атақ берген байлардың өкілдері ретінде бағалап, екі ұшты пікірді жалаулатып жүрді. Осындайда Мәкең ешкімнің де көңіліне қарап